

## Мұсылманша есімдер немесе есім таңдай білесіз бе?



Ислам діні балаға мағынасы дұрыс, естір құлаққа жағымды, көркем ат қоюға шақырады. Сондықтан балаға есім беру – аса жауапкершілікті іс. Тіпті, Ибн Аббас (оған Алла разы болсын) айтқандай, баланың әкесіндегі үш хақысының бірі саналады. Жақсы есім – баланың болмысына, тұлға болып қалыптасуына тікелей әсер етеді. Оған өзінің есімінің артықшылықтарын айтып, өзімен аттас тұлғалардың өмірі, жеке қасиеттері туралы жиі айтып отырған жөн. Сонда ізгі қасиеттер баланың бойына да даритын болады. Алла Елшісі (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын): *«Сәбилерге пайғамбарлардың есімдерін беріңдер және ең жақсы есімдер – Абдулла және Абдурахман, ең шыныштылары – Харис және Һаммам, ал ең жесіркеніштілері – Харб және Мурра»* деген болатын. (Муслим, Ахмад).

Айта кетейік, Харис – «егінші» (яғни, әркім жақсы-жаман амалының өнімін арғы дүниеде алу үшін бұл дүниеде егінші іспеттес өмір сүреді), Һаммам – «кам жасаушы» (әр адам осы дүниесін не арғы дүниесін жақсарту үшін кам жасайды), Харб – «соғыс», ал Мурра – «ашы» (Ібілістің бір аты) деген мағынаны білдіреді.

Алла Елшісі (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) осылайша, әрдайым мағыналы, жақсы ат қоюға шақыратын. Мұның мәнін: «Сендер қиямет күні өз есімдеріңмен және әкелеріңнің есімдерімен шақырыласыңдар. Олай болса, балаға әдемі есім қойыңдар» деп түсіндіретін. (Әбу Дәуіт).

«Асыл арнаға» «Ат қоюға кеңес бересіздер ме?», «Қандай мұсылманша есімдер бар?», «Қыздарға қандай әдемі есімдер қоюға болады?» деген сауал-өтініштер жиі келіп түседі. Бүгін Алланың қалауымен, көптің өтінішіне жауап беруді жөн көріп отырмыз. Мұсылманша есімдер деген арнайы ұғым жоқ болғанымен, пайғамбарлардың (немесе Мұхаммед Пайғамбар айтқан есімдер), Алланың есімдерін, тарихи есімдерді, сахабалардың, одан кейін өмір сүрген ізгі адамдардың есімдерін қою әдетке айналып келеді. Яғни, мұсылманша есім дегеніміз – араб тіліндегі аттар емес. Бұл кез келген тілде болуы мүмкін. Төменде ең кең таралған осындай есімдерді жинақтауға тырыстық.

**Ескерту:** «Балаға Алланың көркем есімін беруге болмайды. Ол үшін есімнің алдына «Абд» қосымшасын (приставка) қою керек. «Абд» мағынасы – «құл». Мәселен, Абдулқарим болса – Жомарттың құлы, Абдурахман – Аса Мейірімдінің құлы т.б.

А

**Абдуллаһ** – Алланың құлы. Пайғамбарымыздың (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) әкесінің есімі Абдуллаһ болған.

**Абдурахман** – Аса Мейірімдінің құлы. Көзі тірісінде Жәннатпен сүйіншіленген сахабаның бірі – Абдурахман ибн Ауф.

**Аббас (Ғаббас)** – қатал, қатаң.

**Абдулхамид** – Мақтаулының құлы.

**Әли** – биік, асқақ. Әли ибн Әбу Талиб – балалар арасында ең алғаш болып ислам (он жасында) қабылдаған, көзі тірісінде Жәннатпен сүйіншіленген сахаба. Пайғамбардың (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) қызы Фатиманың (оған Алла разы болсын) жары.

**Әнас** – қуанышты, жағымды, ақкөңіл. Он жасынан бастап Пайғамбар (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) үйінде тәрбиеленген сахабаның есімі – Әнас ибн Мәлик.

**Ансар** – көмекшілер, қолдаушылар, жолсерік. Мединенің төл тұрғындары, Алла Елшісі (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) мен Оның сахабалары қоныс аударып келгенде, ислам дінін қабылдап, оларға пана тауып берген. Тіпті, Пайғамбар (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын): «Басқа адамдар бір жолмен жүрсе, ансарлар келесі жолмен жүрсе, мен ансарлардың соңынан барар едім» деген болатын.

**Ахмад (Ахмед)** – мақтаулы, аса мақтаулы. Мұхаммед Пайғамбардың есімдерінің бірі.

**Аюб (Айюп)** – өкінуші, серт беруші. Құранда аталған Алла Тағаланың пайғамбарларының бірінің есімі.

Б

**Бәкір** – алғашқы, тез өсуші.

Ғ

**Ғани (Абдулғани)** – бай, есепсіз байлықтың иесі. Алла Тағаланың көркем есімдерінің бірі.

**Ғафур (Ғаффар)** (Абдулғафур, Абдулғаффар) – кешірімді. Алла Тағаланың көркем есімдерінің бірі.

Д

**Дәуіт (Дәуд)** – сүйікті, тартымды. Құранда аталған Алла Тағаланың пайғамбарларының бірі, Забур кітабы түсірілген елші.

З

**Заид** – өсуші.

**Зақария** – Алланы еске алушы, нағыз еркек. Исраил қауымына жіберілген пайғамбар, Жақия пайғамбардың әкесі, әйелдердің ардақтысы Мәриям анамызды қамқорлығына алушы.

**Зубейр** – күшті, ақылды. Көзі тірісінде Жәннатпен сүйіншіленген сахабаның бірі – Зубейр ибн әл-Аууам.

**Зиннур** – екі нұрдың иесі. Көзі тірісінде Жәннатпен сүйіншіленген сахаба, үшінші халиф Осман ибн Афғанды Пайғамбардың (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) екі бірдей қызына үйленгені үшін осылай атаған.

И

**Ибраһим** – халықтардың әкесі. Құранда аталатын Алла Тағаланың пайғамбарларының бірі. «Алланың досы» деген лауазымға ие болушы, бір Аллаға бойсұнушы.

**Ыдырыс** – ынталы, білім алушы. Құранда аталатын Алла Тағаланың пайғамбарларының бірі.

**Ілияс** – Құдайдың құдіреті, ғажайып. Құранда аталатын Алла Тағаланың пайғамбарларының бірі.

И, Е, Ы

**Иман** – сенім мағынасын білдіреді.  
**Инсан** – адам мағынасын білдіреді.  
**Ескендір** – батылдарды жеңуші.  
**Ислам** (араб.) – бейбітшілік, мойынсұну, бағыну.  
**Имаил** – «Алла өзі естиді» деген сөз тіркесінен шыққан. Ибраһим Пайғамбар (оған Алланың сәлемі болсын) мен Ажар анамыздың ұлы, Құранда аталатын Алла Тағаланың пайғамбарларының бірі.  
**Ысқақ** – жайдарлы, көңілді. Құранда аталатын Алла Тағаланың пайғамбарларының бірі.  
**Ықылас** – шынайы. Ықылас сөзінің түбірі "Холис" деген сөзден шығады, яғни араб тіліндегі сөздік мағынасы «Холис» - «мұнтаздай таза» деген мағынаны білдіреді.  
**Ихсан** – мейірімді, жақсы, мейірбандық танытушы, көмектесуші.  
К  
**Карим (Абдулкарим)** – жомарт. Алла Тағаланың көркем есімдерінің бірі.  
**Қасым** – бөлуші, таратушы, әділетті. Мұхаммед Пайғамбардың (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) ұлдарының бірінің есімі – Қасым.  
Л, М  
**Лұқман (Лұқпан)** – караушы, қамқорлық танытушы. Құранда есімі аталатын ізгі адам, дана хакім.  
**Мәлік** – Қожайын, Ие, Патша. Алла Тағаланың көркем есімдерінің бірі.  
**Мансур** – жеңімпаз, жеңісті мақтау.  
**Мұзаффар** – жеңімпаз жауынгер..  
**Мұқаддас** – қасиетті, таза.  
**Мұса** – ұл, сәби; судан табылушы. Құранда аталатын Алла Тағаланың пайғамбарларының бірі. Алла Тағала періштелердің қатысуынсыз тікелей сөйлескен, Тәурат кітабы түсірілген елші.  
**Муслим** – мұсылман, Аллаға бойсұнушы.  
**Мұстафа** – тегіс, жоғарыда тұрушы, ең жақсы, таңдаулы.  
**Мұхаммед** – «мақталушы, дәріптелуші» деп аударылады, «ха-ми-да», яғни, мақтау, алғыс айту, дәріптеу етістігінен шыққан. Пайғамбарлардың мөрі әрі абзалы, Алланың сүйікті құлы, мұсылмандардың Пайғамбары – Мұхаммедтің (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) есімі.  
**Мухсин** – жақсылық жасаушы, көмектесуші.  
**Мұхтар** – таңдаулы, таңдау еркі бар адам.  
Н  
**Надир** – сирек мағынасын білдіреді.  
**Нариман** – мықты, мығым, сильный, берік.  
**Нұғман** – кішіпейіл, берекелі, игілікті.  
**Нұр** – жарық, жайнаған.  
**Нуриман** – сенімнің (иманның) нұры.  
Р  
**Раис** – басшы, жетекші, қолбасшы.  
**Рамадан** (Рамазан) – Мұсылмандар күнтізбесіндегі ораза ұсталынатын тоғызыншы айдың аты.  
**Рамиз** – нышан, жақсылықты нышандаушы.  
**Расул** – елші, елшілікке жіберілуші.  
**Ринат** – жанартылған, қайта туылған.  
С  
**Сабир** (араб.) – сабырлы.  
**Сабит** – берік, адал, уәдесінде тұрушы.  
**Сабур** – өте шыдамды, төзімді.  
**Садық** – адал, шынайы; дос  
**Саид** (араб.) – мырза, ақсүйек.  
**Салауат** – қошеметтеуші, бата.  
**Салман** – дені сау, уайымсыз.  
**Самат** – мәңгілік, қолбасшы.  
**Самир** – әңгімелесуші, әңгіме айтушы.  
**Сардар** – бас қолбасшы, жетекші.  
**Сафа** (араб.) – таза, шынайы. Қажылық рәсімдері атқарылатын таудың аты.  
**Сүлеймен** – амандықта, саулықта өмір сүруші. Құранда аталатын Алла Тағаланың пайғамбарларының бірі.  
**Сұлтан** – патша, мемлекет басшысы.  
Т  
**Табрис** – мұра, байлық; мақтанш, ұлылық.  
**Омар** – өмір, өмір сүруші. Екінші халиф, көзі тірісінде Жәннатпен сүйіншіленген сахабаның есімі.  
**Үміт** – күтілуші, қаланушы; арман.  
Ф  
**Фанз** – жеңімпаз, дегеніне жетуші.  
**Фарук** – жақсы мен жаманды айыра алушы.  
**Фаттах** – қайыр есіктерін ашушы, жеңімпаз. Алла Тағаланың көркем есімдерінің бірі.  
Х  
**Хабиб** – сүйікті, дос, жақсы көрілуші, қымбатты.  
**Хайдар** – арыстан.  
**Ханиф** – шыншыл, адал, шыншылдықты сүюші.  
**Харис** – күзетші, қорғаушы.  
**Харун** – бірбеткей, тәуелсіз.  
**Халим** – жұмсақ, сабырлы, байсалды. Алла Тағаланың көркем есімдерінің бірі.  
**Хасан** – жақсы, әдемі.  
**Хусейн** – сымбатты, жақсы. Хасан мен Хусейн – Пайғамбарымыздың (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) сүйікті немерелері. Алла Елшісі олар туралы: «Хасан мен Хусейн – Жәннаттағы жастардың көшбасшысы болады, ал әкелері олардан жақсы» деп айтқан. (Ибн Мәжаһ).  
Ж  
**Жүніс** – көгершін мағынасын білдіреді. Құранда аталатын Алла Тағаланың пайғамбарларының бірі.  
**Жақып** – еруші, жолын қуушы. Құранда аталатын Алла Тағаланың пайғамбарларының бірі.  
**Жақия** (др.-евр. – араб.) – жігерлендіруші, рухтандырушы. Құранда аталатын Алла Тағаланың пайғамбарларының бірі.

#### Қыздарға қойылатын есімдер:

А

**Айла** — ай секілді сұлу, аймен нұрланған.

**Азиза** — күшті, бағалы, қымбат, сүйкімді.

**Ажар** – жақсы, әдемі, бірегей. Ибраһим Пайғамбардың (оған Алланың сәлемі болсын) жары, Исмаил пайғамбардың анасы, Зәм-зәм суы берілген ардақты әйел.

**Аиша** (араб.) — тірі, өмір сүруші. Мұсылмандар анасы, Мұхаммед (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) Пайғамбардың сүйікті әйелінің есімі.

**Әлия** (араб.) — асқақ, көрнекті.

**Әмина** — сенімді, адал. Мұхаммед Пайғамбардың (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) анасының есімі.

**Амира** — бұйрық беруші, ханшайым.

**Аниса** — жақын дос, жылы шырайлы, жайдары, жарқын.

**Асма** — биік, ұлы. Аиша анамыздың (оған Алла разы болсын) сіңілісі, Әбу Бәкірдің (оған Алла разы болсын) екінші қызы. Өз заманында ақылдылығымен, жомарттығымен танылған жүз жасаған сахаба әйел.

Д

**Диляра** — жанды қуантушы, барлығына сүйікті.

**Дина** — иман келтіруші, сенген, көзі жеткен.

**Динара** — алтын.

**Дания** — жақын; танымал, атакты.

**Жуайрия** — «жария» (қыз) сөзінің кішірейтілген формасы. Мұсылмандар анасы, Мұхаммед Пайғамбардың (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) әйелі.

З

**Замиля** — жолсерік, жолдас.

**Замина** — қамтамасыз етуші, кепілдік беруші, негіз.

**Зульфия** — бұйра шаштардың иесі; сүйкімді, тартымды.

**Зухра** — сәулелендіруші, таңғы жұлдыз.

**Зейнаб** (Зейнеп) — хош иісті ағаштың атауы. Мұхаммед Пайғамбардың (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) әйелінің, туған қызының, немересінің (Фатима есімді қызынан) есімі Зейнаб болған.

**Зәнжәбил** — Жәннаттағы хош иісті дәмді өсімдік.

**Ирада** — қасиетті сыйлық.

К

**Калима** — шырын тілді, әңгімелесуші.

**Камиля** — мінсіз, ең жақсы.

**Карима** — жомарт, гауһардай қымбат, мейірбан.

**Каусария** (Кәусар) — молшылықта өмір сүруші; Жәннаттағы өзен.

Л

**Латифа** — мейірімді.

М

**Маймуна** — берекелі. Мұхаммед Пайғамбардың (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) соңғы әйелі.

**Мадина** — Медине қаласының атауынан шыққан.

**Малика** — патшайым, бұйрық беруші. «Ма-ля-кя» — билеу, болу бұйыру етістігінен шыққан

**Мансура** — жеңімпаз.

**Марьям** — сүйікті, жаны үйлесуші. Иса Пайғамбардың (оған Алланың сәлемі болсын) анасы, Алла Тағаланың тазартып, күллі әлемдегі әйелдерден ардақты еткен құлы.

**Муслима** — мұсылман қыз, Аллаға бойсұнушы.

**Мухсинна** — жақсылық жасаушы, салиқалы, таза.

Н

**Надира** (араб.) — салыстырылмайтын, сирек.

**Нәзира** — жайнаған, көңілді

**Насима** — көрікті, жұмсақ жүректі.

**Нафиса** — әдемі, биязы, мәртебелі, қымбат.

**Нурия** — жаны мейірімді, ашық жүзді, нұрлы келбетті.

Р

**Рабиа** — бәйшешек; төртінші.

**Райян** — дүниеде ораза ұстағандар кіретін Жәннат қақпаларының бірі.

**Раиса** (араб.) — жетекші.

**Райхан** — ләззат, рақат; өсімдік атауы.

**Рауза** — гүл бақшасы

**Рүкия** — таңғажайып, өзіне байлап қоюшы. Мұхаммед Пайғамбардың (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) қызының есімі.

С

**Сабира** — шыдамды, сабырлы.

**Салима** — дені сау.

**Сания** — екінші.

**Сарра** (Сара) — мәртебелі. Ибраһим Пайғамбардың (оған Алланың сәлемі болсын) әйелі.

**Сафия** — таза, анық, шынайы, таңдаулы. Мұхаммед Пайғамбардың (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) әпкесі, ержүрек сахаба әйел.

**Сәлсәбил** — Құранда аталған Жәннаттағы бұлақ.

**Сумая** — асқақ, биік. Дін жолында қаза болған тұңғыш мұсылман, сахаба әйелдің аты.

Т

**Таухида** — біріктіруші, негізін қалаушы.

**Тасним** — Жәннаттағы бұлақ.

Ф

**Фатима** — Мұхаммед Пайғамбардың (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) қызы.

Х

**Хабиба** — сүйікті, жақын, қымбатты.

**Халима** (араб.) — жұмсақ, сабырлы. Мұхаммед Пайғамбардың (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) сүт анасы болған әйелдің есімі.

**Халиса** — адал, берілген, шыншыл.

**Ханифа** — турашыл, шыншыл.